

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қыркүйектегі N 1371 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 29 сәуірдегі N 392а. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.12.14. N 1284 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтына тыңдаушылар қабылдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қыркүйектегі N 1731

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтына тыңдаушылар қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Мемлекеттік қызмет, кадр және бақылау бөлімінің сектор меңгерушісі Н.Б.Қалабаев көрсетілген комиссия төрағасының орынбасары болып енгізілсін;

С.Б.Жұмабеков, С.Р.Райымов, И.Р.Разақов көрсетілген құрамнан шығарылсын

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы